



Басқару элементтері




Басқару элементтері – бұл пайдаланушы немесе программалық объект туындататын оқиғаға әсер ететін, графикалық интерфейс қосымшаларының элементі болатын объектілер. Басқару элементтерінің стандартты жиыны 21 объектіні құрайды.

Пішін сияқты басқару элементтері де объект болып табылады. Сондықтан, олардың кез-келген объект сияқты қасиеттері, оқиғалары, әдістері болады.



Элементтер тақтасында басқару элементтері орналасқан. Әдетте **Visual basic** бағдарламасы іске қосылғанда терезенің сол жағында орналасады. Егер болмаса, оны экран бетіне шығару үшін **View-ToolBox** командасын орындаймыз.



Label- Жазу


TextBox – Енгізу
өрісі

CommandButton –
Батырма

OptionButton –
Ауыстырып қосқыш


CheckBox -
Жалауша

Деңгейлік
тапсырмалар



Үйге
тапсырма

Label басқару элементі



Label басқару элементі ақпаратты шығару үшін қолданылатын КОМПОНЕНТ.

Қасиеттері:

Caption – жазу орнатады

AutoSize – жазу өлшемінің автоматты түрде өзгерту режимін енгізілетін мәтіннің бәрі сиятындай етіп орнататын логикалық қасиет.

WordWrap – жазу өлшемдерін вертикаль бағытта созу.

Alignment – жазудағы мәтіннің туралануын береді.

0- сол жақ шет

1- оң жақ шет

2- орталық бойынша



TextBox басқару элементі

TextBox Әр түрлі ақпарат енгізі және шығару үшін қолданылады.

Қасиеттері:

Text – алаңға жазу орнатады

Font - шрифт орнату

ForeColor - шрифт түстерін орнату.

BackColor - мәтін қорабын бояу.

ToolTipText - объектінің атқаратын қызметі туралы сыбырлап тұратын көмекші мәлімет орнату.

MultiLine – енгізу алаңын көп қатарлы ететін шама.


Locked – алаңға мәтін енгізу қасиетін алу және орнату.

Alignment – жазудағы мәтіннің туралануын береді.


0- сол жақ шет

1- оң жақ шет

2- орталық бойынша



CommandButton басқару элементі



CommandButton батырма жасау үшін қолданылатын элемент.

Қасиеттері:

Caption – батырма бетіне жазу орнатады.

BackColor – батырманың түсін өзгерту.

Picture – батырма бетіне сурет қою.

Style– объектінің жоғарыда берілген графикалық қасиеттерін пайдалану мүмкіндігін орнату.


Cancel – ESC пернесін қолдану мүмкіндігін орнату

Default – ENTER пернесін қолдану мүмкіндігін орнату

Font -шрифт орнату.



OptionButton басқару элементі



OptionButton жанындағы ауыстырып қосқышты орнату арқылы тек бір вариантын ғана тағдауға мүмкіндік береді.

Қасиеттері:


Caption – ауыстырғыштың не үшін қызмет атқаратыны жазылады.

Style – ауыстырғыштың түрін өзгерту..

Value – қосымша орындалғанда ауыстырғыштың іске қосылуын орнату.



CheckBox басқару элементі



CheckBox ұсынылғын топтамалар ішінен бір немесе бірнеше вариант таңдауына мүмкіндік береді.

Қасиеттері:

Caption – жалаушаның не үшін қызмет атқаратыны жазылады.

Style – жалаушаның түрін өзгерту.

Value – қосымша орындалғанда жалаушаның іске қосылуын орнату.

0-жалауша орнатылмаған

1- жалауша орнатылған

2-белгісіз күйі



I деңгей тапсырмалары

1. Формаға **Label1** және **Label2** элементін орнату
2. Формаға **TextBox** элементін орнату
3. Формаға **CommandButton** элементін орнату
4. Жобаға жаңа форма қосу.
5. Формаға **OptionButton** элементін орнату.
6. Формаға **CheckBox** элементін орнату.



II деңгей тапсырмалары

1. Орнатылған **Label1** элементіне “**x=**” мәнін енгізу.
2. Орнатылған **Label2** элементінің мәнін бос қою.
3. Орнатылған **TextBox** элементінің мәнін бос қою.
4. Орнатылған **CommandButton** элементіне “**Есепте**” мәнін енгізу.
5. Орнатылған **OptionButton** элементіне “**Қызыл**” мәнін енгізу.
6. Орнатылған **CheckBox** элементіне “**Курсив**” мәнін енгізу.



III деңгей тапсырмалары

1. Орнатылған **Label1, Label12** элементіндегі енгізілген мәтінді пішімдеу: өлшемі 24 пт, түсі күлгін, ортаға туралау, қорабын сары түске бояу.
2. Орнатылған **TextBox** элементіне енгізілетін мәтінді пішімдеу: ортаға туралау, өлшемі 24 пт, түсі көк, қорабын ашық көк түске бояу.
3. Орнатылған **CommandButton** элементіне енгізілген мәтінді пішімдеу: өлшемі 24 пт, ортаға туралау, қорабын ашық жасыл түске бояу.



IV деңгей тапсырмалары

Жасалған форма үшін төмендегі есептің бағдарламасын құру:

$y=3*x+5$ функциясын x -тің кез-келген мәнінде есепте.

- А) CommandButton батырмасында екі рет шерту;
- Ә) Программалық код терезесінде программаны жазу;
- Б) X -ке 4 санын енгізіп, нәтижесін алу.



Үйге тапсырма

Формаға орнатылған **OptionButton**,
CheckBox элементтерін пайдаланып
бағдарламаны жұмысын басқаратын форма
жасап, программа құру.

